







Жалпы мектеп оқушыларымен педагог – психологтардың, әлеуметтік педагогтардың



III оқу тоқсанындағы жүргізілген жұмыстарының




### АНЫҚТАМАСЫ




<i>Өткен күні, айы</i>	<i>Жүргізілген жұмыстардың тақырыбы</i>	<i>Қысқаша мазмұны хаттамалары, сараптамалары</i>	<i>Фотосы, сілтемелері</i>
<i>Қаңтар</i>	"Тәртіп және жауапкершілік"	<p>Мектебімізде жалпы ата-аналар жиналысы өтті.</p> <p>Тақырыбы: "Тәртіп және жауапкершілік"</p> <p>Мақсаты: мектеп пен ата-ана ынтымақтастығын нығайту, адал азамат тәрбиелеудегі ата-ана жауапкершілігі мен білім ошағына деген қолдауды арттыру.</p> <p>Ата-аналар жиналысында мектеп психологы Бағлан Амантайқызы көңілді әрі тәрбиеге негізделген тренинг өткізді</p>	 <p>The top photograph shows a group of people in a meeting room, with some standing and some seated at tables. The bottom photograph shows a group of people sitting at tables in a room, engaged in a training session.</p> <p><a href="https://www.facebook.com/share/p/1C7w9GDxR5/">https://www.facebook.com/share/p/1C7w9GDxR5/</a></p>



<p><b>Қаңтар</b></p>	<p>«Есірткісіз болашақ»</p>	<p>Мектеп психологы Б.Амантаеваның ұйымдастыруымен «Есірткісіз болашақ» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.</p> <p><b>Мақсаты:</b></p> <p>Есірткі заттарының, ішімдік ішу мен темекі тартудың, нашақорлықтың жас ағзаға тигізер зиянды әсері, өкінішке ұрындырар, келешек өмірлеріне келтірер зардабы туралы түсінік беру. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдің залалын жан-жақты меңгерту.</p> <p>Зиянды әдеттерден аулақ болып, өзін де, өзгені де зиянды әдеттердің қасіретінен қорғай білуге, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. Нашақорлықтың алдын алу.</p>	  <p><a href="https://www.facebook.com/share/p/1AhkYJpp4o/">https://www.facebook.com/share/p/1AhkYJpp4o/</a></p>
<p><b>Қаңтар</b></p>	<p>"Заң мен тәртіп"</p>	<p>Мектебімізде "Заң мен тәртіп" айлығы аясында "Мектеп парламенті: тәртіп бізден басталады" тақырыбында ашық алаң ток-шоуы өтті. Ашық алаңға УПИ полиция капитаны А.Сартаев, ауылымыздағы ФАП медбикесі С.Ерубай және мектеп психологы Б.Амантаева арнайы қатысты. Іс-шараға</p>	



		<p>5-11 сынып оқушылары қамтылды және заң мен тәртіп аясындағы сұрақтар талқыланды.</p>	 <p><a href="https://www.facebook.com/share/r/1AjrBGz7VB/">https://www.facebook.com/share/r/1AjrBGz7VB/</a></p>
<p><b>Қаңтар</b></p>	<p>2025–2026 оқу жылының 3 тоқсанның басталуына орай №2 мектебінің асханасының жаңа оқу жылына дайындығын анықтау мақсатында тексеру жұмыстары</p>	<p>Тексеру нәтижесінде мектеп асханасының жаңа тоқсан басталған уақытта оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге дайын екендігі анықталды. Асхананың жұмысы қолданыстағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді. Әлеуметтік психолог С.Найманбаев және комиссия мүшелері</p>	 

<p><i><b>Ақпан</b></i></p>	<p>"Емтихан кезінде стрестен қалай арыламыз?"</p>	<p>мектеп психологы Б. Амантаева 11 сынып оқушыларымен "Емтихан кезінде стрестен қалай арыламыз?" тақырыбында тренинг өткізді. Мақсаты: Оқушылардың ҰБТ-ке дайындық кезіндегі сенімділігін мінез- құлық, эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыдан қалыптастыру, оқу-танымдық қабілеттерін арттыру, ҰБТ-ке әзірленудің тиімді әдіс-тәсілдерін қолайлы формада жеткізу, адамның ойлаған ойы мен алдына қойған мақсатына жету жолын және осы жағдайда кездесетін қиындықтарды жеңу жолдарын түсіндіру, стресті жеңуге психологиялық тұрғыдан дайындау.</p>	  <p><a href="https://www.facebook.com/share/r/1DCdpj87At/">https://www.facebook.com/share/r/1DCdpj87At/</a></p>
<p><i><b>Ақпан</b></i></p>	<p>«Виртуалды әлемнің әлегі мен көмегі»</p>	<p>Мектеп психологы Б.Амантаева "Виртуалды әлемнің әлегі пен көмегі" тақырыбында тренинг өткізді. Мақсаты: Виртуалды өмір жақсы ма, әлде шынайы өмір жақсы ма? Заманауи ақпаратты технологиялар біздің өмірімізде қандай рөл атқарады? Виртуалды өмірге тәуелді болмау үшін, өзіңнің</p>	

		<p>Интернеттегі жұмысыңды қалай дұрыс ұйымдастыру қажет екендігін түсіндіру.</p> <p>Тренингке 1-4 сынып оқушылары қамтылды.</p>	 <p><a href="https://www.facebook.com/share/p/1LkJ4HPzVL/">https://www.facebook.com/share/p/1LkJ4HPzVL/</a></p>
<p><i>Ақпан</i></p>	<p>"10 ақпан-Халықаралық қауіпсіз интернет күні"</p>	<p>"10 ақпан-Халықаралық қауіпсіз интернет күніне" орай УПИ полиция капитаны А.Ж. Сартаев 4,8,9,10,11 сынып оқушыларымен кездесу өткізді.</p> <p>Мақсаты: Балалардың интернет желісін қауіпсіз әрі жауапты пайдалануын қалыптастыру, өмір қауіпсіздігі мен құқықбұзушылығының және жасөспірімдер арасындағы буллинг мәселесінің алдын алу .</p> <p>Полиция инспекторы А.Жұмағатұлы қауіпсіз интернетке байланысты кездесуде оқушыларға интернеттің қауіпті жақтары мен зияны жайында және буллингтің себебі мен салдары туралы да айтып, мысалдар келтіріп, түсіндірме жасады. Интернет қауіпсіздігін сақтамаудан қоғамда туындап жатқан құқықбұзушылықтар мен келеңсіз оқиғалар туралы</p>	<p><a href="https://www.facebook.com/share/p/1EgxRzkJbH/">https://www.facebook.com/share/p/1EgxRzkJbH/</a></p>  

		айтып түсіндірді және оқушыларға ескертулер жасады.	
<b>Наурыз</b>	"Адалдық пен әділдік-қоғам негізі"	<p>Мектебімізде "Адалдық пен әділдік-қоғам негізі" тақырыбында УПИ А.Сартаевпен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге 4,8,9,10 сынып оқушылары қамтылды.</p> <p>Күн тәртібінде:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1."Адалдық пен әділдік-қоғам негізі" дәріс УПИ А.Сартаев.</li> <li>2. Буллингтің алды алу:"Мектептегі буллинг" бейнефильмі бойынша талқылау.</li> <li>3."Закладчик" тақырыбы бойынша түсіндірме жұмысы.</li> <li>4.Әр түрлі мәселелер.</li> </ol> <p>Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша УПИ А.Сартаев оқушыларға дәріс оқып,түсіндірме жасады</p>	  <p><a href="https://www.facebook.com/share/p/1Du5RhCiqU/">https://www.facebook.com/share/p/1Du5RhCiqU/</a></p>
<b>Наурыз</b>	Мектеп оқушыларына "Хулиганка" қысқаметражды фильмі көрсетіліп,	ҚР Ішкі істер министрлігінің тапсырысы бойынша түсірілген "Хулиганка" фильмін оқушыларға көрсетудегі мақсат - агрессия, буллинг және психологиялық қысым көріністеріне саналы түрде қарауға ынталандыру;	

	талқыланды.	<p>Зорлық-зомбылыққа бейім мінез-құлықтың психологиялық және әлеуметтік салдары туралы түсініктерін тереңдету;</p> <p>Жәбірлеуге (буллингке) төзбеу мәдениетін дамыту.</p>	 <p><a href="https://www.facebook.com/share/p/1FNAY4p981/">https://www.facebook.com/share/p/1FNAY4p981/</a></p>
<b>Наурыз</b>	"Өнер жан-жақтылықта, ал күш бірлікте"	<p>«БІЗ ӘРТҮРЛІМІЗ, БІРАҚ БІЗ ТЕҢБІЗ» ЖОБАСЫ БОЙЫНША</p> <p>1-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН "ДОСБОЛЛІКЕ" САБАҒЫ ӨТКІЗІЛДІ.</p> <p>Мақсаты: білім алушылардың топтық жұмыс дағдыларын және сыныпқа қатыстылық сезімін дамыту.</p> <p>Жоспарланған нәтижелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>– білім алушылар ұжымның, ұйымшыл топтың бір бөлігі болуға ұмтылады;</li> <li>– білім алушылардың бір-біріне құрметпен қарау туралы түсініктері кеңейеді;</li> <li>–бағаланбайтын пайымдау және бір-біріне эмпатикалық көзқарас дағдылары қалыптасады.</li> </ul>	 <p><a href="https://www.facebook.com/share/r/1DmGJuahyx/">https://www.facebook.com/share/r/1DmGJuahyx/</a></p>

<p><b>Наурыз</b></p>	<p>" STOP bullying" бәрі сенің қолыңда!" акциясы</p>	<p>Мектеп психологы Б.Амантаеваның ұйымдастыруымен " STOP bullying" бәрі сенің қолыңда!" акциясы өтті. Мақсаты: Буллингке қарсы тұру үшін қатысушыларды алдын алу шаралары мен сақтану жолдарынан хабардар ету, олардың өзін-өзі қорғау және бір-біріне қолдау көрсету дағдыларын дамыту. Акцияға 7-10 сынып оқушылары қамтылды.</p>	  <p><a href="https://www.facebook.com/share/r/1DsTRwfaur/">https://www.facebook.com/share/r/1DsTRwfaur/</a></p>
----------------------	--	--	--

Әлеуметтік педагог:

К.С.Найманбаев

Мектеп психологы:

Б.А.Амантаева